

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ТИКТОК ЖЕЛІСІНІҢ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕЙІНІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ**С.Е. Даулетбек**dauletbeksymbate@icloud.com

2 курс студенті, 6B03103-Психология,

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана, Қазақстан.

Кіріспе. TikTok (бұрын Musically) — 2018 жылы іске қосылған халықаралық қысқа бейнелерді жасауға және көруге арналған сервис, ай сайын 500 миллион белсенді пайдаланушының шегіне жеткен қолданба. Қазіргі уақытта 34 түрлі тілде қолжетімді. Әлем бойынша барған сайын танымал болып, ең жылдам дамып келе жатқан және жүктелетін қосымшалардың бірі болып табылады. TikTok 2022 жылы ең көп жүктелген қолданбаға айналды, ал оның көрсеткіштері әлі де өсіп келеді және ғаламторға қол жеткізе алатындардың барлығы платформадан TikTok жайлы мазмұнды қаласа да, қаламаса да кездестіріп отырады. Платформа 15-30 секундтық бейнелерді жасауға бағытталған, бұл пайдаланушыларды қысқа уақыт ішінде мазмұнға зейінін бағыттауға шақырады [1]. Бұл қосымшаны біздің елімізде 83% студент қолданады екен [2]. TikTok-тың студенттердің өмірінде үлкен рөл атқаратыны анық және бұл олардың физикалық, психикалық денсаулығына, зейініне әсер етеді. Зейін дегеніміз - сананың қандай да болса бір затқа, құбылысқа немесе іс-әрекетке бағытталуы және шоғырлануы. Сананың бағытталуы деп объектіні таңдап алуды айтамыз, ал сананың бір нәрсеге шоғырлануы дегенде, бұл объектіге қатысы жоқтың бәріне көңіл аудармауды айтады. К. Д. Ушинский (1824-1870) зейіннің маңызын былайша көрсеткен еді: «Зейін адам санасынан қорытылып өтетін барлық ойды аңғартатын, адам жанының жалғыз ғана есігі болып табылады, демек, бұл есікке ілімнің бірде-бір сөзі соқпай өте алмайды, егер де ол соқпай өтсе, онда баланың санасында ештеңе де қалмайды». Сондықтанда, оқу жұмысында зейіннің маңызы өте үлкен және TikTok оған орасан зор әсер етеді. Оқудың табысты болуы көбінесе оқытушы мен студенттердің зейінін қаншалықты оқуға аудару білуіне байланысты. Егер студенттердің зейіні оқу материалдарына аударылса, олар неғұрлым жақсы түсініп, жақсы ұға алады, оның үстіне балалар студенттер зейінін сала жұмыс істейді. Зейін дербес бір психикалық процесс емес, өйткені ол басқа процестерсіз көріне алмайды. Біз зейін қойып немесе зейін аудармай қараймыз, тыңдаймыз (яғни, қабылдаймыз), ойлаймыз (яғни, ой жүгіртеміз) немесе бір нәрсені істейміз. Сөйтіп, зейін әртүрлі психикалық процестердің тек бір жағы немесе қасиеті ғана болып табылады. Адамға тән әрекеттің кез келген түрінде зейін орын алмаса, оның нәтижелі болуы қиын [3].

Жоғарыда айтылған тақырыптар төңірегінде TikTok сөзсіз студенттердің зейініне әсер ететінін байқауға болады. Осы орайда TikTok желісінің студенттер зейініне әсері қаншалықты деңгейде екендігін анықтау барысында сауалнама және интервью жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға қатысушылар саны 50 адам (31 әйел адам, 19 ер адам), қатысушылардың жас аралығы 17–22 жас. Сауалнама барысы қазақ/орыс тілінде және анкет

а, сұрақ-жауап түрінде жүргізілді. Интервью қатысушылар саны 5 адам (3 әйел адам, 2 ер адам), қатысушылардың жас аралығы 18-20 жас. Интервью барысы қазақ/орыс тілінде онлайн-офлайн форматта жүргізілді.

Сауалнама/ Интервью нәтижелері.

1. Жасыңызды көрсетіңіз / Укажите Ваш возраст.

1 — сұрақ бойынша сауалнамаға 50% (25 адам) "19-20 жас" аралығында, 38% (19 адам) "17-18 жас" аралығында, 12% (6 адам) "21-22" жас аралығында қатысқан.

2. Жынысыңызды белгілеңіз / Укажите Ваш пол.

2 — сұрақ бойынша сауалнамаға 62% "31 әйел адам", 38% "19 ер адам" қатысқан.

3. Сіз қай курс студентісіз? / На каком курсе учитесь Вы?

3 — сұрақ бойынша 52% (26 адам) "2-курс студенті", 28% (14 адам) "1-курс студенті", 18% (9 адам) "3-курс студенті", 2% (1 адам) "4-курс студенті" сауалнамаға қатысқан .

4. Сіз қай жылдан бері Тиктокта барсыз? / С какого года Вы есть в Тиктоке?

4 — сұрақ бойынша 50% (25 адам) "2019-2020 жылдан бері", 38% (19 адам) "2021-2022 жылдан бері", 10% (5 адам) "2023-2024 жылдан бері", 2% (1 адам) "2018 жылдан бері," — деп жауап берген.

5. Сіз неліктен Тикток желісіне кіресіз? / Почему Вы заходите в Тикток?

5 — сұрақ бойынша 62% (31 адам) "Бос уақытымды өткіземін, мен үшін Тиктокқа кіру әдетке айналған. / Я провожу своё свободное время в Тиктоке, для меня это уже привычка," — деп, ал қалған 26% (13 адам) "Көңіл-күйім болмай тұрған кезде видео қарау арқылы шындықтан және өз ойларымнан қашамын. / Избегаю своих мыслей и от реальности, просматривая видео, когда нет настроения," — деп, 12% (6 адам) "Білім алу үшін кіремін. (Мысалы: жаңа тіл үйрену, визаж немесе өнер курстары және т.б.) / Захожу, чтобы получить новые знания. (Например: осваивать новый язык, курсы визажа или искусства и т.д.)," — деп жауап берген.

6. Сіз университет қабырғасында, лекция уақытында Тикток видеоларын көресізбе? / Смотрите ли Вы видео в Тиктоке, находясь в стенах университета и во время лекции?

6 — сұрақ бойынша 60% (30 адам) "Иә, маған арнайы бір іске зейінімді бағыттау қиын. / Да, мне трудно удерживать своё внимание на определенном одном действии," — деп, ал қалған 40% (20 адам) "Жоқ, мен университет қабырғасында Тиктокқа кірмеймін. / Нет, Я не захожу в Тикток, находясь в стенах университета," — деп жауап берген.

7. Сіз күніне шамасында қанша уақыт Тиктока өткізесіз? / Сколько приблизительно времени проводите Вы в Тиктоке?

7 — сұрақ бойынша желіде шамасында "1-3 сағат отырамын," — деп 46% (23 адам), "3-6 сағат отырамын," — деп 38% (19 адам), "6-9 сағат отырамын," — деп 14% (7 адам), ал тек 2% (1 адам) "9+ сағат отырамын," — деп жауап берген.

8. Тиктокта көп уақыт өткізгеннен кейін Сіздің физикалық жағдайыңызда өзгерістер пайда болады ма? / Меняется ли ваше физическое состояние после того, как Вы проводите много времени в Тиктоке?


8 — сұрақ бойынша 64% (32 адам) "Иә, мысалы: көзім жасаурайды, басым және денем аурады. / Да, например: глаза слезятся, болит голова и тело," — деп, 30% (15 адам) "Жоқ, себебі Мен өзгерістерді сезбеймін. / Нет, потому что Я не чувствую изменений," — деп, 6% (3 адам) "Иә, мысалы: басым ауырғаны басылады, өзімді жақсы сезінемін. / Да, например: перестает болеть голова, чувствую себя лучше," — деп жауап берген.

9. Тиктокта көп уақыт өткізгеннен Сіздің зейініңіз нашарлағанын байқайсыз ба? / Замечаете ли Вы, что ваше внимание ухудшилось после длительного времяпровождения в Тиктоке?

9 — сұрақ бойынша 78% (39 адам) "Иә, мысалы: не ойлап отырғанымды ұмытамын, белгілі бір нәрсеге өз зейінімді аударып алмаймын, фонда өлең немесе фильм тұрғанын қалаймын. / Да, например: забываю о чём думаю, не могу задержать своё внимание на чём-то, хочу чтобы на фоне играла песня или фильм," — деп , ал қалған 22% (11 адам) "Жоқ, менің зейініме Тикток әсер етпейді. / Нет, Тикток не влияет на моё внимание," — деп жауап берген.

10. Тикток желісінен кез келген уақытта бас тарта (өшіре) аласыз ба? / Можете ли отказаться (удалить) от Тиктока в любое время?


10 — сұрақ бойынша 36% (18 адам) "Жоқ", 32% (16 адам) "Иә", тағы да 32% (16 адам) "Бұл сұраққа жауап беру қиын," — деп жауап берген.



- Иә, мысалы: не ойлап отырғанымды ұмытамын, белгілі бір нәрсеге өз зейінімді аудара алмаймын, фонда өлең немесе фильм тұрғанын қалаймын. / Да, например: забываю о чём думаю, не могу задержать своё внимание на чём-то, хочу чтобы на фоне играла песня или фильм.
- Жоқ, менің зейініме Тикток әсер етпейді. / Нет, Тикток не влияет на моё внимание.

Сурет 1. Сауалнамаға қатысушылардың Тиктокта көп уақыт өткізгеннен кейін зейіндерінің нашарлағанын байқау деңгейінің пайыздық көрсеткіштері.

Сауалнамаға қатысушылардың Тикток желісінде бос уақыттарының басым көп бөлігін өткізетінін, Тиктокта ұзақ уақыт өткізгеннен кейін физикалық жағдайларына әсер ететіндігі, зейіндерінің бұзылуы анықталған болатын. 50 қатысушылардың ішінде 78% (39 адам) үшін зейіндерінің Тиктокта өткізген уақытының себебінен нашарлағанын байқаған, 22% (11 адам) үшін Тикток желісі әсер етпегені белгілі болды. Бұл берілген көрсеткіштерге сүйене отырып, адамдардың Тиктокта уақыт өткізгеннен кейін зейіні мен есте сақтау қабілеттерінің "айтарлықтай төмендеуі" байқалғаны анық. Қарапайым тілмен айтқанда, біздің зейінімізді шоғырландыру және бір нәрсені есте сақтау қабілетіміз зардап шегеді, онымен қоса физикалық денсаулығына да әсер етеді. Бұл факторлар студенттің оқу барысында әсер етеді, қысқа уақытты видеобаяндарды көріп, үйреніп қалған жастар үшін лекция уақытында зейіннің лекция мазмұнына бағыттау қиын болып табылады. TikTok алгоритмі қызығушылыққа негізделген, сондықтан ол көрермендердің бұрын ұнатқан (лайк басып, пікір жазған) видеобаяндарын көрсетеді. Қысқа уақыт ішінде алгоритм олардың хоббиі мен қызығушылықтарын, әзіл сезімін, сән стилін, музыкалық талғамын, саяси көзқарастарын және т.б. анықтай алады. Бұл жекелендірілген ұсыныс тәжірибесі зиянсыз болып көрінеді, бірақ ол пайдаланушыларды жағымсыз ойлар мен мінез-құлықтарды күшейтетін және бұл желідегі видеобаяндар әрқашан пайдалы емес екені ғажап емес. Пайдаланушылар Тиктокта бейнені көрген сайын, олардың миында дофамин бөлінеді. Яғни, олар үшін Тиктокты көру оңай және қызық шешім болып табылады. Себебі, бұл қысқаша видеобаяндарды көру жақсы эмоция сыйлайды деп айтуға келерлік, алайда қазіргі тілмен айтқанда Тиктокта бір «жеңіл дофамин» көзі болып табылады. Дофаминді 50 минуттық лекцияны тыңдап, жаңа білім алу арқылы алғаннан, Тиктокқа кіріп, 15 секундта алу алайда оңай болып табылады. Сауалнамаға қатысушылар "Сіз университет қабырғасында, лекция уақытында Тикток видеоларын көресізбе?" деген сұрақ бойынша 60% (30 адам) "Иә, маған арнайы бір іске зейінімді бағыттау қиын,"— деп, ал қалған 40% (20 адам) "Жоқ, мен университет қабырғасында Тиктокқа кірмеймін,"— деп жауап берген.



- Иә, маған арнайы бір іске зейінімді бағыттау қиын. / Да, мне трудно удерживать своё внимание на определенном одном действии.
- Жоқ, мен университет қабырғасында Тиктокқа кірмеймін. / Нет, Я не захожу в Тикток, находясь в стенах университета.

Сурет 2. Зерттелушілерге университет қабырғасында, лекция уақытында Тиктокта отыру көрсеткіштері.

Ал интервью сұрақтары студенттерді ой-талқыға итермелеп, олардың пікірін білуге түрткі болды. Интервьюға қатысушылардың пікірлері бір-біріне ұқсас болып шықты. Интервьюға қатысушылардың басым бөлігі өздерінің оқу барысында TikTok-тың кедергі болатындығын анық көрсетті. Мысалы: 2-курс студентінің (әйел адам, 18 жаста) жауаптары сауалнама нәтижелерімен сәйкес түсті.

1. Сіз ұйқыңыздан тұрған кезде және ұйықтар алдында TikTok желісіне кіресіз бе? Неліктен? – «Иә, өкінішке орай, бұл әдетке айналып кетті. Ұйқы алдында және ұйқыдан тұрған кезде бірінші тұрғыда TikTok-қа кіремін және 1 сағат шамасында уақыт өткіземін.»

2. TikTok желісінің сіздің зейініңізге әсерін қалай байқадыңыз? – «Кері әсері бар екенін байқадым, себебі зейінімді бір қызықсыз сәттерде ұстау қиынға түседі. Бір істі аяғына дейін жеткізу қиын.»

3. Сізге 15-30 секундтық видеобаяндарды көру 1 сағаттық видеобаяндарға қарағанда оңайырақ түседі ма? – «Иә, оңайырақ, себебі оның ұзақтығында деп ойлаймын өйткені видеобаян 15-30 секундтық болғандықтан қызық болсама өткізіп жіберуге болады.»

4. Сіз лекция жазып немесе кітап оқып отырған кезде зейініңіз бұзылып, TikTok желісіне кіріп кете бересіз бе? – «Барлық жағдайда деп айта алмаймын, егерде сол лекция мен кітаптың мазмұны мен формасы мен үшін маңыздылығы жоғары болса мен зейінімді бағындыруға тырысамын, бірақ соңында бәрібір TikTok-та видео көріп кетемін.»

5. Кейде Тикток лентасын қарап отырып, өзіңізді нашар сезінген кездер болды мы? (Мысалы: мен прокрастинациямен айналысып жатырмын, өзімді TikTok-қа тәуелді сезінемін) – «Соңғы кездері уақытымды зая кетіріп жатқан секілдімін».

Қорытынды.

XXI ғасыр артықшылығы да, кемшілігі де әлеуметтік желілер мен олардың әсері болып табылады. Әрбір таяқтың екі ұшы бар демекші, студенттердің физикалық және психологиялық денсаулығы, зейіні мен оқу процессінің TikTok желісінің әсерінен зардап шегіп жатқаны анықталды. Жаңа заман тенденцияларына ілігу үшін жастар үшін бұл әлеуметтік желілерде отыру, трендтен қалмау, беделді болу маңызды. Жалпы Тикток желісінің қолдану жиілігі, маңызы, «жеңіл дофамин» іздеу мақсатында және бос уақытын өткізуде студенттер эмоциялық тұрғыда тәуелділік танытуы мен шындықтан алшақтауының көрінісі бар екеніне көз жеткізуге болады. Бұл ақуал өз көрініс алып, қазіргі қоғамдағы жастардың санасын улаушы көзі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. "How Douyin became China's top short-video App in 500 days – WalktheChat". WalktheChat. 2018-02-25

2. Студенттердің эмоциялық жағдайына әлеуметтік желілердің әсері және маңызы - С.Е. Даулетбек, Ш. Жандәулетқызы, Л.А. Казбекова, 2023
3. Психология: Оқулық К. Жұмасова, Л. Есенова. - 3-басылым, толықт., өнд. - Астана: Фолиант, 2017. – 127-130 б.
4. Shutsko, A. (2020). User-generated short video content in social media. a case study of tiktok. Lecture Notes in Computer Science (Including Subseries Lecture Notes in Artificial Intelligence and Lecture Notes in Bioinformatics), 12195 LNCS, 108–125.

УДК 159.9

СВЯЗЬ МЕЖДУ ЛИЧНОСТЬЮ ПРАКТИКУЮЩЕГО ПСИХОЛОГА И ЕГО КОММУНИКАТИВНЫМИ СПОСОБНОСТЯМИ.

Қадыриса Айшабибі Рахметқызы

Mrs.kadyrisa@gmail.com

Студентка 1-курса по специальности В041-Психология

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – М.К. Шарипова

В настоящее время проблема профессионального становления молодого человека, выбравшего профессию психолога, приобретает большее значение. Получение психологом качественного профессионального образования представляет для него комплексную проблему, решение которой позволит отвечать потребностям и вызовам времени. Современное общество предъявляет выпускнику вуза особые требования: с каждым годом все увеличивается количество психологов, растет конкуренция на рынке труда, в связи с этим изменяются и усложняются требования, предъявляемые к психологам, к их деловым и личным качествам, лежащим в основе умения решать профессиональные задачи.

Одним из важных аспектов коммуникативной компетентности психолога является набор умений, необходимых для успешного взаимодействия. В числе этих умений следует выделить анализ и оценку коммуникативной ситуации, определение цели, выбор и использование подходящих инструментов для реализации плана и его коррекции, а также оценку эффективности результата. Все эти навыки необходимы для создания полноценного коммуникативного акта.

Помимо этого, психолог должен обладать умением выбирать коммуникативные стратегии, наиболее соответствующие конкретной ситуации. Важно также учитывать пол, возраст, социально-культурные и статусные характеристики людей и вхождение в контакт с ними [1].

Еще одним важным навыком является активная реакция на изменение обстановки и способность перестроения коммуникации, учитывая изменение эмоционального состояния партнера. Особое внимание стоит уделить умению проводить беседу и дискуссию, достигать соглашений и использовать слово в качестве инструмента психотерапии коммуникации. Также необходимо уметь анализировать коммуникативные конфликты и находить эффективные решения для их разрешения [1].

Представленный набор умений является важным компонентом профессионального репертуара психолога, который позволяет ему эффективно взаимодействовать с людьми в рамках коммуникативного процесса [1].

Личность – субъект социокультурной жизни, самораскрывающий свою индивидуальность в контексте социальных отношений, общения и предметной деятельности. С.К. Нартова-Бочавер в своих исследованиях применяет субъектно-средовой подход к изучению личности. Суть этого подхода заключается в том, чтобы рассматривать человека как субъекта, обладающего собственными особенностями и отношениями к миру, в котором он живет [2].